

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2023 жылдың 13 желтоқсандағы № 610 "Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенжылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 10 қазандағы № 483 қаулысы

Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2023 жылдың 13 желтоқсандағы №610 "Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенжылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенжылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Б. Енсепов) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Жарғысына енгізілген өзгерісті тіркеу органында мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін:

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар алынсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Шалабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы тіркеу органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ж. Қайнарбаев

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің

2024 жылғы 10 қазандағы

№ 483 қаулыға қосымша

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің

2023 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 610 қаулыға қосымша

I. Жалпы ережелер

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенжылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын түрінде құрылған заңды тұлға болып табылады (бдан әрі-Кәсіпорын).

2. Кәсіпорын Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2004 жылы 29 желтоқсан №296 қаулысымен құрылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Жаңаөзен қаласы әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Жаңаөзен қаласының әкімдігі (бұдан әрі Құрылтайшы) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган "Жаңаөзен қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы" Мемлекет мекемесі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады

6. Кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде: Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенжылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

орыс тілінде Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Өзенжылу" акимата города Жанаозен.

7. Кәсіпорын орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы. "Шаңырақ" шағын ауданы, Губкин көшесі, 26 құрылыс, 1 қор. 130200

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде іпоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Жаңаөзен қаласының әкімдігінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы қатысушысы бола алады.

11. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік және де өзгеде тіркелуге жататын азаматтық құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасасқан болып есептеледі.

12. Кәсіпорын өз атына мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер артуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3. Кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаты

13. Кәсіпорын қызметінің нысанасы жылумен, сумен жабдықтау және электр энергиясын өндіруі, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы саласындағы шаруашылық қызметін жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

- жылу энергиясын өндіру, жеткізіп беру және тарату;

- қаланы энергия-су-жылумен қамтамасыз ететін жүйелерінің жұмыс тәртіптерін тындырымды-диспетчерлік басқару;

- технологиялық жабдықтарды жөндеу;
- жаңа күштіліктерге ыстық су және жылу техникалық жағдайларды беру;
- мамандырылған қызмет көрсетуші персоналы болмайтын энергиямен қамтамасыз етуші желілеріне қосылған жылу желілеріне және тұтынушылардың жылу нүктелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- жылу желілерін алдын-ала сынау;
- тұтынушылардың сұранысы бойынша жылу желілеріне қосу;
- жылу энергиясын есепке алу және бақылау құралдарын жөндеу, диагностика және тексеру;
- жылу энергиясын есептеу құралдарын жөндеу, диагностика және тексеру;
- суды жұмасарту мен су дайындайтын қондырғыларды пайдалану және кіріспе химиялық тәртібін бақылау;
- газ шаруашылығын, орта және томен қысымдағы газ құбырлары мен қазандардың, жағушы жабдықтарын пайдалану;
- 0,7 кг/кв.см жоғарғы қысым астында және температурасы 115 °С жоғарыда жұмыс жасайтын бу және су жылытатын қазандарды дайындау, пайдалану, монтаждау және өңдеу; бу мен ыстық судың құбырларын пайдалану;
- 0,7 кг/кв.см жоғарғы қысым астында және температурасы 115 °С жоғарыда жұмыс жасайтын қазандар мен құбырларды жөндеу, мерзімді және техникалық қызмет көрсету ;
- конструкциялармен жабдықтарды тоттанудан сақтау, құбырлар мен жабдықтарды жылудан оқшаулау бойынша жұмыстарды орындау; бекітіп тастаушы арматурасын қондыру;
- қазаннан шығатын түтін құбырлары мен газ жолдарын ағымдағы жөндеу, құрылғылар мен жабдықтарды жылудан оқшаулау бойынша жұмыстарды орындау; бекітіп тастаушы арматурасын қондыру;
- қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды, құбырларды жобалау, құрылысын салу және пайдалану;
- бумен және сумей жылыту қазандарын пайдалану;
- бу және ыстық су құбырларын пайдалану;
- бақылау өлшеу аспаптары мен өлшеу құралдарын пайдалану, сондай-ақ өлшеу құралдарын ведомстволық тексеру;
- жылу тораптарындағы нормативтік жылу шығындарының есептемесі;
- босатылған жылу энергиясын арналған тарифтік есептемесі және оны бекіту; ӨТП сәйкес жылу тораптарының нормативтік жылыстау есептемесі;
- тұтынушыларға жылу энергиясын босатуға (сатып алу және сату), тораптар (абоненттердегі) санамалап өлшеу, аспаптарының көрсеткіштерін (коммерциялық есептерін) алып қарау, есепшоттар жасап беру және төленген шоттардың түсірілімдерін бақылау, тұтынушыларға абоненттердегі жылу санауыштарды жоспарлы және

жоспардан тыс (біржолғы) ауыстыруды жүргізу, жылу энергиясын пайдаланғаны үшін берешегі бар абоненттерге ескертпелер беру, талаптарын бұзған төлем төлемейтіндер мен тұтыншуларды ажырату;

-сумей және жылумен жабдықтаудың есептеу аспаптары жүйелерін пайдалану, жинақтау және жөндеу;

-мыналарды жобалау: байланыс және белгі беру; сумей жабдықтау және желдеткіш және жылумен жабдықтау

-электр және сумен жабдықтау, сондай-ақ басқа да тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің, сондай-ақ есепке алу бақылау құрылғылары өнеркәсіптік мақсаттарына байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, қосу;

-желілер мен электр сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысын, ішкі электрмен жарықтандыру құрылғысын. ішкі электрмен жарықтандыру және электр жылығу;

-ыстық және суық сумей, жылумен, орталықтандырылған кәріз желілері, өнеркәсіптік және нәсерлі су жүйелері, құрылғың ішкі су құбыры, жылу беру мен кәріздің;

- Жылу электр станцияларының электр энергиясын өндіруі.

15.Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің нысанасы мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

16.Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойған қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың өкілетті органының немесе Құрылтайшының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17.Директордың Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс- әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шаруаларын қолдануға әкеп соғады.

4.Кәсіпорынды басқару

18.Кәсіпорынға қатысты Құрылтайшы мынадай функцияларды орындайды: Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылау және талдауды жүзеге асырады ;

Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

Кәсіпорынға мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

Кәсіпорын мүлкінің есепке алынуын ұйымдастырады, оның тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

Кәсіпорын мүлкінің есепке алынуын ұйымдастырады, оның тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

өзіне осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

19. Тиісті саланың өкілетті органы:

Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландыратын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен директорды тағайындайды және оны аттестатқау өткізеді;

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

таза табыстың белгіленген бөлігін Кәсіпорының бюджеттен толық және уақытылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады;

Кәсіпорын директорының, ұсынысы бойынша оның орынбасары (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;

Кәсіпорын директорының, оның орынбасарының (орынбасарларының) және бас (аға) есепшінің лауазымдық айлық ақылар мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретінде жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді;

20. Занды тұлға ретінде Кәсіпорынның органы оның директоры болып табылады.

21. Кәсіпорының директорымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне сәйкес тиісті саланың өкілетті органымен еңбек шартын жасасуы арқылы рәсімделеді.

22. Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодесінде белгіленген талаптардан бөлек, Кәсіпорын директоры таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы бюджетке аулармағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорын директоры қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін жеке жауаптылықта болады.

24. Кәсіпорын директоры дара басшылық принципі бойынша әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Директор:

Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық органдарда оның мүддесін білдіреді;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тшектерде

Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды:

сенімхаттар береді;

банк шоттарын ашады;

Кәсіпорынның барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, Кәсіпорын қызметкерлерінің (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) есепшіні қоспағанда) лауазымдық айлы ақылары мөлешрін, сыйлық ақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде бекітеді;

-тиісті саланың өкілетті органына өзінің орынбасарларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға кандидатура ұсынады;

-өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің күзіретін белгілейді;

-тиісті саланың өкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа дербес жауапты;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.Кәсіпорынның мүлкі

26.Кәсіпорын мүлкін құны оның дербес баланысында көрсетілген Кәсіпорынның барлық активтерін құрайды.

27.Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін мүлік болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері,пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорынның қызметкерлері арасында бөлінбейді.

28.Кәсіпорынның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік;

өз қызметі нәтижесінде ие болған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

Казахстан Республикасының заңнамасында тиым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

29.Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамсыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

30.Егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтық табиғатына қайшы келмесе, шаруашылық жүргізу құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығына және де өзге де заттық

құқығына ие болу және оны тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнім мен табыстар, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Кәсіпорын сатып алынған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығына ие болу үшін белгіленген Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше көзделмесе, меншік иесі бұрын құрылып қойған Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы осы Кәсіпорында мүлік оның баланысына бекітіп берілген кезе пайда болады.

33. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығарғуға құқығы жоқ.

34. Мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында меншік құқығын тоқтату үшін көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ осы Дарғының 35 тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

35. Осы жарғының 34-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалып негіздерінен белек, шаруашылық жүргізу құқығы меншік шешімі бойынша Кәсіпорынның мүлкін заңды түрде алып қойған жағдайларда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсатына сай келмейтін мүлікті алып қою;

Артық, пайдаланылмаған не өз мақсатында пайданылмаған мүлікті алып қою жатады.

36. Кәсіпорын тиісті саланың өкілетті органның ұсынуы бойынша құрылтайшының жазбаша келісімімен:

филиалдар, өкілдіктер құруға;

үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер болуға немесе кепілдік беруге; қарыздар беруге құқылы.

37. Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген, негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербем билік етеді.

38. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе меншік иесімен өзгеше белгіленбесе, осы Жарғыны 36 және 37-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

39. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 9 131 970 207,72 (тоғыз миллиард жүз отыз бір миллион тоғыз жүз жетпіс мың екі жүз жеті теңге, 72 тиын) теңгені құрайды.

40. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

6.Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

41.Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

42.Кәсіпорын тазатабыстын бір бөлігін жергілкті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойнша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді

43.Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

44.Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың өкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

45.Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы", "Бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының және табиғи монополиялар субъектілерінің баға белгілеуін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

7.Есепке алу Кәсіпорынның есептілігі

46.Кәсіпорынның бухгалтерлік (есепші) есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

47.Кәсіпорынның жылдың қаржылық есептілігі мыналардан камтиды; бухгалтерлік баланс, пайда мен зияндар туралы есеп, ақша қарпажатының козғалысы туралы есеп, капиталдағы, өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

8.Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жауаптылығы

48.Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауаптылықта болмайды.

Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органның немесе тиісті саланың өкілетті органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты-жергілікті атқарушы органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларын қоспағанда, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл

жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың таоаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

Қазақстан Республикасының заңдарында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша мемлекет жауапкершілігінің өзге де жағдайлары белгіленуі мүмкін.

9.Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастар

49.Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

50.Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртіп ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10.Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

51.Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының молшерін жыл сайын тиісті саланың өкілетті органы белгілейді.

52.Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлық ақылар мөлшерін,сыйлық беру және өзге де сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

53.Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы тиісті саланың өкілетті органы белгілейді.

11.Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

54.Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Жаңаөзен қаласының әкімдігінің қаулысы бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

55.Кәсіпорынды тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын тағайындайды. тіркеуші органға тарату үдерісінің басталғаны туралы хабарлайды баспасөзде ақпарат жариялайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратуды тәртібі мен анықтайды.

56.Таратылған Кәсіпорынның кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін құрылтайшы қайта бөледі.

57.Таратылған Кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты коса алғанда, осы Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы жергілікті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

12.Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58.Кәсіпорынның Жарғыға барлық өзгерістер мен толықтырулар Жаңаөзен қаласының әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

59.Кәсіпорынның Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда бұл туралы бір ай мерзімде тіркеуші органға хабарлайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК